АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АЙТЕКЕБИЙСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

23.06.2025 № 172

Әйтеке би ауданы
Темірбек Жүргенов ауылы

Айтекебийский район
село Темирбека Жургенова

Әйтеке би ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы

Қазақстан Республикасының «Жер Кодексінің» 48 бабын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Әйтеке би ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Әйтеке би ауданы бойынша қосымшаға сәйкес сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Убайдуллинге жүктелсін.

Әйтеке би ауданының әкімі **Д. Тоғызбаев**

Әйтеке би ауданы әкімдігінің
2025 жылғы «23» 06
№172 қаулысына қосымша

Сауда-саттық (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы

Р/с	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Аукцион (ағылшындық әдіс)	3 жыл жалдау құқығы	0,1000	Үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыружәне қызмет көрсету үшін	Әйке ауылдық округі, Әйке ауылы, С. Сейфуллин көшесі.
2	Аукцион (ағылшындық әдіс)	3 жыл жалдау құқығы	0,2400	Мал бордақылау алаңын салу үшін	Т. Жүргенов ауылдық округі, Т. Жүргенов ауылы.
3	Аукцион (ағылшындық әдіс)	3 жыл жалдау құқығы	0,1720	Үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыружәне қызмет көрсету үшін	Т. Жүргенов ауылдық округі, Т. Жүргенов ауылы, №449, 450 жер телімдері.